

Р.А. Авакова¹, Е. Баят²

¹ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
(e-mail: r_avakova@mail.ru)

²ф.ғ.к., аға ғылыми қызметкер, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

Түркі-моңғол батырлық жырларындағы көне сюжеттер: компаративистик талдау

Андатпа

Түркі-моңғол халықтарының эпостары сюжеттік-тақырыптық жағынан өте ұқсас болып келеді. Олар - генетикалық-туыстық жағынан тамырлас тілдер. Түркі халықтарының эпостарын, олардың жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық-көркем табиғатын, эволюциялық даму жолдарын, тарихи кезеңдерін жете танып білу мақсатында, оларды моңғол эпикалық жырларымен салыстырмалы типологиялық аспектіде талдау негізгі мақсатқа алынды. Мақала түркі және моңғол халықтарының эпикалық туындыларының типологиясын тарихи және құрылымдық тұрғыдан талдауға арналады. Тарихи типологияның тарихи диахрондық және құрылымдық синхрондық аспектілері негізінде қарастырылған салыстырулар қазақ, қырғыз, алтай, тува, башқұрт, якут және моңғол жырларындағы сюжеттік, мотивтік ортақ белгілердің болуын олардың тарихи-мәдени байланыс тұрғысынан ғана емес, тарихи-туыстық қатынастарынан болғандығын дәлелдейді. Түпкі тамыры бір, дәстүрі, тарих ұқсас болғанымен тарихи-әлеуметтік, көркемдік-танымдық, этникалық-тектік өзгешеліктердің болуына байланысты түркі-моңғол эпостары дамудың әр түрлі кезеңдерін бастан кешірген, соның негізінде әр ұлттың эпикалық дәстүрі қалыптасып, соған сай стадиялық даму деңгейі жағынан әр түрлі сипатта қалыптасып келген.

Кілт сөздер: Фольклор, эпос, поэтика, ортақ мотив, сюжеттер типологиясы.

R.A. Avakova¹, E. Bayat²

¹Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan (e-mail: r_avakova@mail.ru)

²Candidate of Philological Sciences, Institute of Literature and Art Auezov

Archaic plots in the Turkic-mongolian heroic epos: comparative analysis

Abstract

The epics of Turkic-Mongolian peoples are very similar to plot and thematic. These languages are similar genetically and relative languages. For the purpose of learning the epic of the Turkic peoples, their genres, their poetic and artistic nature, evolutionary paths of development, and historical stages, their main objective is to analyze their comparative typological aspects with Mongolian epic poems. The article is devoted to the historical and structural analysis of the typology of the epic works of the Turkic and Mongolian peoples. The comparisons on the basis of historical diachronical and structural synchronous aspects of historical typology prove that the presence of commonness, and common features in Kazakh, Kyrgyz, Altai, Tuva, Bashkir, Yakut and Mongolian poems is not only from the point of view of historical and cultural ties, but also historical and kinship relations. The Turkic-Mongolian epos have different epochs of development, based on historical-social, cognitive, ethnic-genealogical features, although there is a similar history, tradition and history, but on the basis of which the epic tradition of each nation is formed and according to the level of stages of development character.

Keywords: Folklore, epos, poetics, general motive, typology of plots

Ұлттың рухани құндылығы туралы сөз еткенде біз әманда сан ғасырлық тарихтың тамырынан нәр алған қазыналы, қалың, бай фольклорлық мұраларымызды мақтан ететіміз рас. Соның ішінде сүбелі жанр эпикалық жырлардың алатын орны айрықша екендігі даусыз. Қаншама дәуірлерді көктей өтіп, қаншама кезеңдердің кемерінен төгіліп, қаншама уақыттың сүзгісінде екшеліп жеткен осынау асыл қазынаның арғы бастауы атам замандарға жетіп, есте жоқ ескі замандардың түпсіз қойнауларынан сыздықтатып сыр тартатындай.

Ол уақыттардың ұзын бойында созылып жатқан көркем шежіре іспетті. Ол өткен өмірлердің өзінен келіп жеткен бағзының баянды сыры сияқты. Ол өзінің өн бойына сан ғасырлардан сараланып өткен ең жақсы да жарқын, жарқыраған жауһар һәм көркем дүниелерді жинақтап, сол бай қазынаның салтанатын асырып тұрғандай. Уақыт – жүйрік, дәуір – өзгерімпаз, заман - құбылмашыл. Біздің эпикалық мұраларымыз да өзге құндылықтар сияқты осынау уақыттың жалына жармасып, өзгерімпаз дәуірдің дәрегейіне, құбылмалы заманның заңдылығына бағынған екен. Осыған байланысты олардың мазмұны да, түрі де алуан өзгерістерге бой алдырып, кескін-келбетін, болмыс-бітімін өзгертіп отырды.

Ежелден төсекте басы, тескейде малы қосылып, Ұлы даланың бақыты мен байлығын, тауқыметі мен тақсыретін қатар еншілеп келген түрік-моңғол халықтарының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-тарихи, этникалық-мәдени біртектілігі ғылымда әлдеқашан тиянақталған мәселе. «Ішкі Азия далаларының қожайыны түріктер мен моңғолдар болды. Көптеген дербес халықтарды өзіне қосып алған, әуелде этникалық, сосын жүре келе лингвистикалық болған екі топ дала ландшафтарына бейімделіп алғаны сондай... дала биоценозының ең жоғарғы қорытынды буынына айналғандығы» туралы тарихта әлдеқашан айқындалған болатын [1, 27 б.]. Мұның өзін тарих қойнауындағы беріректегі заманның көрінісі деп ойлар болсақ, онан арғы ғұн, үйсін, көне түрік заманындағы тарих-шежіренің шертер сыры бір алуан қызық.

Ғұн, сәнби, жужан, түрік замандарынан бізге жеткен тарихи-рухани жәдігерлер көп дүниенің сырын айғақтайды. Түркі-моңғолдарға жатқызылып жүрген өзге ұлт, ұлыстарды былай қойғанда күні бүгінге дейін көшпелі өмір салтын ұстанып, киіз туырлықты, ағаш шаңырақты - бабаның бағзы салтын тұтынып келген қазақ пен моңғолдың алар орны айырықша. Өзгесін қайдам, сонау ғұн (б.з.д. III-I ғ.ғ) мен түріктің

(б.з. VI-VII ғ.ғ) тікелей ұрпағы болып саналатын қазақ пен моңғол жұртының тарихи-рухани сабақтастығы жайында айтылар әңгіменің арнасы арыдан басталары хақ. Мұның өзі тарих, этнография, археология, тіл білімі т.б. ғылымдар саласында егжей-тегжейлі толық сараланып өз уәзипасын толық таба алмағанын ескерсек, халықтық бай рухани мұра фольклор арқылы соған енді бір қырынан ұмсына бару әлі де болса кенжелеп келе жатқан іс екені былайғы жұртқа өзінен өзі түсінікті. Әлгінде айтқанымыздай, өзгесі емес тарих ғылымының өзінде ғұндарды бірі моңғолдық деп, екіншілері түріктік деп екі саққа жүгіртіп дай-дай әңгіме қылған европоцентристік көзқарастың үстем болып келгенінің несі жасырын. Қалай болғанмен де ғұндардың кешегі көк түріктің арғы арнасы болып тап осы араларда көшпелі өмір салтының өзегі – мал шаруашылығымен айналысып, «тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы» деген жау жүрек, ер көңіл ел болғанына еш шүбә жоқ. Тарихтың нақты болмысынан сыр тартып, соның уәжісіне жүгіну, уақыттың ұзын бойындағы тарихи шындықтан аттамау бүгінгі ұрпақтың ұятына тапсырылып отырған іс. Сондықтан да тарихи типологиялық салыстырудың мәні ең әуелі екі халықтың /қазақ, моңғол/ тарихи-элеуметтік даму деңгейінің ортақтастығына қатысты, екіншіден, олардың этно-лингвистикалық, этика-психологиялық бірлігі негізінде қарастыруда болмақ. Соның ішінде эпосты салыстыра зерттеудің мәні айырықша. Эпостың ең әуелі ұлттық, сонан соң ұлтаралық сипатта болатыны ақиқат. Эпикалық жырлардан тарихтың ұзақ жолының елесі, халықтың бастан кешкен тіршілік, күрес тәжірибесіне берген бағасы, жақсылық пен жамандық, биіктік пен пәстік, қымбат пен арзан, пәктік пен мәрттік, адалдық пен зұлымдық туралы даналық тұжырымы танылатынын жоққа шығара алмаймыз

Қазақ, моңғол батырлық жырларының сюжеттер типологиясын қарастырғанда оларда бар көне сюжеттерді салыстыра зерттеудің маңызы зор. Тарихи нақты оқиғалардан тыс байырғы наным-сенімге, дүниетанымдық көзқарасқа, салт-санаға, мифтік түсінікке, табиғи тіршілік негізіне байланысты туған көне сюжеттердің «өміршеңдігі сондай» көне эпос көлемінде қалып қоймай замана ағымымен, уақыт үрдісімен әр дәуірдің элеуметтік көркемдік елегінен өтіп, кейіннен туған эпикалық өзге жырларға да, айталық батырлық жырларға, олардың оқиғалық желісіне кірігіп кеткені фольклортануда әлдеқашан дәлелденген мәселе.

Эпикалық жырлардағы жалпы типологиялық ұқсастықтар ең әуелі сюжеттер мен мотивтерде, соның ішінде ежелгі уақытта, бағзы

дәуірлерде туған сюжеттер мен мотивтерден айырықша көрініс табатыны сөзсіз. Эпос, оның жанрлық белгілері неғұрлым синкретті, көне болған сайын оның жалпыға ортақ типтік белгілері де соншалықты мол болмақ. Эпостағы ежелгі мотивтердің жайы туралы А.Веселовский былай түсіндіреді: «Ондай мотивтердің пайда болуын, олардағы ұқсастықты ауысып алу теориясымен емес, әртүрлі тайпалардың тұрмыстық, психикалық ортақ белгілерімен түсіндіру керек» [2, 149 б].

Қазақ, моңғол батырлық жырларындағы көне сюжеттерді салыстыра қарастырғанда әр халықтың эпикалық дәстүрін, жанрлық стадиялық ерекшеліктерін, эволюциялық даму деңгейлерін баса назарда ұстадық. Қазақ және моңғол жырларының жанрлық стадиялық жағынан түрленіп дамуы әр түрлі деңгейде екені фольклортанушыларымыздың тарапынан айтылып жүр. Жалпы түрік-моңғол халықтарының эпикалық дәстүрлерінің өзі әр деңгейде сан алуан екендігін білеміз. Мәселен, Орта Азия, Қазақстандағы түрік тілдес халықтардың эпосына қарағанда Солтүстік қиыр шығыстағы ұсақ халықтардың эпикалық жырлары мейілінше дамудың төменгі сатысында қалған.

Екі халықтың жырларын салыстыра отырып осы тұжырымдарға көз жеткіземіз. Негізгі талдауларға кіріспестен бұрын көне эпостық сюжет дегеніміз не, көне эпос пен батырлық жырлардың сюжеттік сабақтастығы не - деген мәселелер төңірегінде аз-маз сөз ету орынды.

Көне эпостың сюжеттік темасы - кейіпкердің жат жұрттықтармен, өзге әлем тұрғындарымен жауласу, оларды жеңу, ерлікпен қыз айттыру, қалыңдық үшін алыс сапар шегу, қарсыластарын сайыста жеңіп шығу. Сонымен бірге өміршең мәңгілік идеясы, ерлік пафосы, ру-тайпалық қатынас та көне эпосқа тән. Архаикалық эпостың негізінде алғашқы қауым адамдарының мифтік санасының жаңғырығы сақталғаны айтылады.

Көне эпостан көрінетін ерекше сипаттың бірі – оның синкреттілігінде. Әсіресе көне эпоста жанрлық синкретизмге қарағанда идеологиялық синкретизмнің сілемі басым болып көрінеді. Көне эпоста мифтік сана басым. Кейінгі заманның шындығына қайшы келмейтін барынша салт-санадан, тұрмыс-тіршіліктен және ритуалдан, мифтік түсініктен толық ажырай қоймаған тұтастық бар.

Көне эпостар сюжеттік құрамы және мотивтік түзіліс жағынан, біркелкі болып келе бермейді. Бірінде ертегілік сарын басым болса, екіншісінде мифтік сананың салмағы айқын. Нақты тарихи сананың

қалыптасуында, адамдар өміріндегі ірі өзгерістерге сай жаңа талаптың негізінде сапалық жаңа сипаттарға ие болған немесе пайда болған кейбір сюжеттік мотивтер болмаса жалпы оқиғаның сюжеттік желісі, көркемдік белгілері, тақырыптық-идеялық көрінісі эпостың екі түрінде де қатар ұшырасып отырады. Яғни бұрынғы көне эпостан қаһармандық эпосқа «заңды мұра» болып жеткен белгілердің негізгілері ретінде Ш.Ыбыраев мыналарды атайды:

а) Көне эпостағы қаһарманның үйленуі мақсатындағы түрлі жорықтары батырлық жырда да эпикалық сюжеттің үлкен бөлігін құрайды. Алайда батырлық үйлену мұнда архаикалық жырдағыдай бірінші орынға қойылмайды.

ә) Ана еркі дәуірінің ерекшеліктеріне лайықты қалыптасқан әйелдер бейнесінің көне эпосқа негізгі қаһармандар ретінде суреттелетіндігі белгілі. Мұның кейбір өзгешеліктері батырлық жырларда да сақталған.

б) Архаикалық жырлардағы қаһарманның жүріс-тұрысын, жаумен жекпе-жекке шығуын, аттың шабысын шамадан тыс ұлғайтып, мейлінше көтермелеп суреттеу белгілі дәрежеде қаһармандық эпоста дәстүрге айналған.

в) Негізгі қаһармандардың аттарының ерекше жүйрік болуы, қысылған жерде адамша сөйлеп, батырға кеңес беруі, адам өтпес жерлерден ұшып өтуі архаикалық жырлар үшін кең таралған дәстүр болса, оның көптеген белгілері қаһармандық эпосқа да арқау болған.

г) Негізгі кейіпкердің тууы, ғажайып өсуі, түс көруі, қасиетті күштер желеп-жебеп жүруі сияқты эпизодтардың эпикалық сюжетте маңызды роль атқаруы көне эпосқа да, батырлық жырға да тән [3, 76 б.].

Осы салыстыруға қарап стадиялық жанрлық жағынан, туу, қалыптасу кезеңі жағынан өте-мөте айырмашылықтағы аталмыш екі түрлі жырдың сюжеттік арқауының поэтикалық сыр-сипатының терең тамырластығына көз жеткізуге болады. Олай болса қаһармандық эпоста кездесетін аталмыш сюжеттік модельді, мотивтік ішкі құрылымды, көркем поэтиканы «көне сюжет» деген ұғымның аясында алып қарастыруға негіз бар. Көне сюжеттер деп отырғанымыз сонау ерте замандарда эпикалық жырдың оқиғалық негізінің тұрақты бастапқы қорытынды буынына айналып қалған, мейлінше типтік белгілері басым баяндаудың тәсілі.

Эпикалық жырларды жанрлық-стадиялық жағынан бөліп қарастырғанмен де оларға ортақ қасиеттердің, типтік болып саналатын «ортақ сюжеттік модельдің» бар екендігі даусыз. Ол барынша

мифологиялық, ритуалдық, этнографиялық негізден туындаған сюжеттер. Көне сюжет демекші көне және қаһармандық эпостардың аралығында тұрған өтпелі кезеңнің болмысын бойына жинаған эпикалық үлгілердің бар екендігін ескеру қажет. Олар сахалардың олонхосы, буряттардың улигері, алтайлықтардың ертегілік жырлары. Моңғол жырларының біразын да осы деңгейден кездестіруге де болады. Оларда көне эпостық және қаһармандық сарынның да қатар қос қабат жүргенін салыстыру барысында, нақтылайтын боламыз. Эпостардың оқиғалық желісінің басты бөлшегіне айналған көне сюжеттер нақты бір ұлттық эпикалық дәстүріне сәйкес келумен бірге ұлтаралық ортақ белгілерді таныта алатындығы кәміл. Сюжеттің мұндай сипаты біздің жұмысымыздың сұранысына өте-мөте дөп келеді. Эпос поэтикасының басқа көркемдік кестелеріне қарағанда сюжеттің анағұрлым тұрақтылығы, бір негізді қалыптылығы, сонымен бірге оның халықаралық сипаты фольклортанушылардың назарына әу дегенде ілігіп, сюжеттік көрсеткіштер мен сюжеттік жинақтаулардың шығарылуы тегіннен тегін болмаса керек-ті. Шынтуайтына келгенде сюжет оқиғалар тізбегі ғана емес эпос поэтикасының ең негізгі көркемдік формасы екендігі даусыз.

Сюжет – ол тұтас ұғым. Сюжет негізі кейіпкерлердің іс-әрекеті мен оқиғалар тізбегінде мол көрініс тапқан. Сол іс-әрекеттің өзі бас қаһарманның ой-сезімінен, мақсат-мүддесінен, талап-тілегінен, талас-тартысынан туындап жатады. Олай болса эпикалық сюжетті бас қаһарманның ғұмырнамалық оқиғалар тізбегіне, іс-әрекетіне негіздеп саралаудың көп жылдық тәжірибесі жинақталғанын білеміз. Эпос сюжетінің болмыс-бітімін, сыр-сипатын танудағы ертегі кейіпкерлерін қызметіне қарай (В.Я.Пропп), эпос оқиғасын мотивтерге жіктеп қарастыру (А.Н.Веселовский, Б.Н.Путилов) сияқты зерттеу әдістері осының дәлелі. Біз де осы жолдан алшақ кетпейміз. Эпикалық сюжетті танудағы, оны салыстыра зерттеудегі қазақ фольклортанушы ғалымдарының жемісті еңбегі бізге үлгі.

Қазақ және басқа түркі халықтарының батырлық жырларының сюжетін моңғол жырларының сюжетімен салыстыра қарау үшін күллі қазақ батырлық жырына тән сюжеттік инвариантты түп қазық етіп алдық. Сюжеттік инвариантта көптеген эпостардың сюжеттік желісінің, оқиғалар мен іс-әрекеттер желісінің кезеңдері жинақталған. Жалқылықтан жалпылама үлгіге түсірілген көрініс ретінде типологиялық салыстыруға қолайлы тәсіл болып табылады. «Инвариант – толып жатқан жеке-жеке текстердің ортақ белгісінен,

сюжеттік коллизия мен тартыстың бір ыңғайлылығынан, іс-әрекеттің ұқсастығынан туындайтын жалпы ұғым» болғандықтан қазақ жырларын былай қойғанда моңғол жырлары үшін де жат емес.

Екіншіден, мотивтерді қарастыру үшін де оңтайлы болып табылады. Сюжеттік инварианттың жіктелуіне жүгіртейікші (Ш.Ыбыраевтың жіктеуі):

I - сюжет. Батырға тән балалық шақ және кейіпкердің үйленуі (батырға лайық құдалық):

1. Суреттеу – ру /тайпа, ата-ана/ туралы сөз.
2. Кейіпкердің ғажайып жаратылысы.
3. Батырға тән балалық шақ.
4. Алғашқы ерлік.
5. Қалыңдық туралы хабар /қалыңдық іздеу/
6. Қалыңдықпен сынға түсу, белдесу /немесе күйеулер арасында/
7. Жеңіс және кейіпкердің қалыңдығымен оралуы.

II - сюжет. Батырға тән ерліктер:

1. Жаудың шабуылы туралы хабар.
2. Жорыққа аттану.
3. Батырлардың белдесуі /кейде жорық сәтсіз болып,батыр тұтқынға түседі/.

4. Жекпе-жек және кейіпкердің жеңісі.
5. Жеңіспен оралу.

III – сюжет:

1. Қалыңдық туралы немесе туған-туыстың /рудың/ тұтқынға түскені /қорлық көргені/ жөнінде хабар /түс көру, белгі көру/.

2. Кейіпкердің қалыңдығына дұшпанның, бәсекелестің немесе құлдың үйленуді ниет етуі.

3. Қалыңдықпен жасырын кездесу немесе қалыңдығының тойына бөтен адамның кейпінде келу.

4. Күрес /жарыс/ үстінде кейіпкердің танылуы.
5. Туған жерге оралу, бәсекелестерді жазалау.
6. Той.

Біз мақалада сюжеттік инварианттың жекеленген эпостың да, тұтас эпикалық дәстүрдің де оқиғалық схемасының толық баламасы бола алмайтындығын, жалпы көптеген жырларға ортақ белгілер деп танылған өлшеулі нұсқа екенін қатаң ескердік. Бір ұлттың эпикалық дәстүрінің қалпына негізделінген сюжеттік «модель» екінші ұлттың көркемдік дәстүрімен, эпикалық түсінігімен, тарихи жадымен қабыса бермейтіні түсінікті. Көне сюжеттер турасында типологиялық ортақ

белгілердің болуымен бірге микросюжеттер төңірегінде өзіндік дара ерекшеліктердің де болуы заңды. Сюжеттің өрілуі, мотивтердің түрленіп дәйекті қызмет атқаруы эпостың тақырыптық-идеялық нысанына қатысты шешілетіндігі рас болса көне эпостың сарқыншағын «жақсы» сақтаған моңғол жырлары мен дамудың классикалық деңгейіне көтерілген қазақ эпосының арасында айырмашылықтың да болуы әбден кәдік.

Мұның өзі қазақ, моңғол батырлық жырларының көркем кестесінен, даму деңгейінен, эпикалық дәстүрінен, халықтардың танымдық түсінік өресінен, әлеуметтік-қоғамдық санасының әркелкілігінен хабар береді. Тарихи типологиялық тұрғыдан қарастырғанда эпостардағы сюжеттік-тақырыптық негізіндегі ұқсастықтар мен сәйкестіктер ситуацияларда, мотивтерде, оқиғалық түйіндерде, баяндауларда кездесе, принципиалды айырмашылықтар нақты тарихқа, этностық спецификацияға, фольклорлық дәстүрге, мәдени сипатқа, тілдік ерекшеліктерге қатысты тексеріледі екен [4, 52 б.].

Дегенмен де, эпостың поэтикалық көркемдік формаларында да ерекшеліктердің болмай қоймайтындығын ескере келіп, моңғол батырлық жырларының сюжеттік-тақырыптық жүйелену принциптеріне ой жүгірте кетуді жөн кердік. Өйткені сюжеттік-тақырыптық арқаудың ұзын бойындағы тақырыптық блоктардың қайсысы жоғарыдағы қазақ эпосының "сюжеттік инвариантында жүйеленген сюжеттік мотивтік көрсеткіштерге сәйкес келеді, сәйкеспесе несі өзгешелікте? - деген заңды сұрақтарға толымды жауап іздеу керек.

Моңғолтанушы ғалымдар тарапынан айтылған, жүйеленген талдаулардың көбі бір-бірін толықтырып отырады. З.Ринчэндорж мынадай жүйе ұсынады: 1) қаһарманның қалыңдық үшін алысқа аттануы, жол сапарда әртүрлі қаскөй күштермен шайқасуы; 2) қаһарманның қарсыласының жауымен шайқасуы; 3) Алыстағы қалыңдық үшін аттану, өзі жоқта ел-жұртын жау шабу, әке-шеше, туыстарын тұтқындап әкету, жаудың соңынан аттану; 4) Екі түрлі жауды қатар талқандаған жеңіс. З.Ринчэндорж алғашқы екі топты көнелеу, феодалдық-таптық дәуірге дейінгі кезеңді камтиды – дейді. Н.Н.Поппенің пікірінше, эпикалық сюжеттері тақырыптық бөлікті құрайды: манғұспен соғыс, кейіпкердің үйленуі, періштелердің тірілуі, ұлымен кездесу.

Л.Түдэв төмендегідей типтік сюжеттік компоненттерге бөліп қарайды: уақыттың, батырдың туған мекенінің және мінезінің суреттелуі, манғұс немесе басқадай жауларға кездесуі олармен соғыс, жеңіс не батырдың қайырымды періштеден жәрдем алуы, қалыңдығынан туған ұлы үшін кек алу, қарсыласын жазалаған екінші жеңіс, қалыңдығына қосылу немесе ұлының үйлену тойы.

Зерттеуші А.Ш. Кичиков он үш құрылымдық элементтерді атайды:

1) Баласыз қарт ата-ана; 2) Мұрагерлікке құдайдан бала сұрау; 3) Баланың ғайыптан жаралып, тууы; 4) Оған ат қойылу; 5) Ғажайып өсу, алғашқы ерлік; 6) Тұлпар таңдау; 7) Қалыңдық туралы хабар; 8) Қалыңдық үшін аттаныс; 9) Қалыңдық үшін сынға түсу; 10) Қайтып оралу және той; 11) Жолдағы кездейсоқ оқиғалар; 12) Жау қолындағы ата-анасын құтқару; 13) Бейбіт өмір суреті.

Т.Г. Борджанова В.Я. Пропстың жүйелеуіне сүйене отырып ойрат жырларының сюжеттік құрылымын былай сегіз бөлікке жіктейді: 1) Бастапқы ситуация (батырдың елін, жерін суретте); 2) Қырсықтық, елес кезу, жеткіліксіздік (өз күшін көрсетуге талпыну, қалыңдық іздеу); 3) Делдалдық, жолға аттану; 4) Жол сапардың суреттелінуі (басқа батырлармен немесе манғұспен кездесіп соғысу); 5) Күрес және жеңіс (манғұстан азат ету); 6) Бақытсыздықтың, жетіспеушіліктің жойылуы; 7) Қайта оралу; 8) Үйлену.

Бұлайша жүйелеу кейіпкердің функциясын анықтауға, оларды мінездеуге қатысты болып келеді. Моңғол жырларының эпикалық сюжетін тақырыптық, мотивтік, эпизодтық тұрғыдан терең талдай келіп, В.Хайссиг моңғол жырларына тән типтік сюжеттік-композициялық құрылымды ұсынады: Уақыт - Кейіпкердің жаратылуы - Кейіпкердің ел жері - Кейіпкердің өз кескіні, кісілігі, байлығы - Оның аты - Жорыққа аттану - Жәрдемшілер мен жолдастар – Қауіп – Жаулар - Жаумен кездесу және соғысу - Кейіпкердің сиқырлы әрекеті - Қалыңдығын алу - Үйлену тойы - Оралу.

В. Хайссиг моңғолдың эпикалық мотивтерінің ең негізгілері ретінде 21 түрін атайды. Сонымен бірге ең көне мотивтер ретінде, кейіпкердің өліп тірілуін, өлген жаудың қанынан жаңа жаулардың пайда болуын, өлгендердің қаңқасынан адам тірілуін, басқа кейіпке енуін, құбыжықтың жанын тауып өлтірілуін, періштелердің көмегін атайды.

Моңғол жырларын өзара салыстыра зерттегенде бір-бірінен стадиялық, эпикалық дәстүрі, тақырыптық-сюжеттік құрылымы

жағынан аз-маз айырмашылықта екендігі белгілі болып отыр. Архаикалық деңгейі жағынан барынша ескі болып табылатын буряттардың өзінің ішіндегі эхириттер мен булагат және унгин тайпаларының эпикалық көзқарастары мен дәстүрлерінде, сюжеттік желілерінде өзгешелік бар екен. Эхирит-Булагат жырлары моңғол эпосының ішіндегі ең көнесі болып есептелсе, ойрат эпосы дамудың, эпикалық дәстүрдің қаһармандық кезеңіне қол артқан. Ал, халха жырлары бурят пен ойрат жырларының аралығында деп танылып жүр. Моңғол фольклорындағы циклдік эпопеяларға Бум Эрдэнэ, Дайны Хүрэл, Хөх Төмөр Зэв, Шар Бодон жырларын жатқызады. Б.Я. Владимирцов циклдік жырларды үш топқа жіктеп қарастырған. Аталмыш эпопеядағы циклизацияның екі типі аталады, бірі – өмірбаяндық (ғұмырнамалық) екіншісі – ата тектік. Шар Бодон жырында өмірбаяндық, ал Дайны Хүрэлде генеологиялық (ата тек) циклизация айқын көрінеді, әкенің ісін бала жалғастырады. Циклдік жырларға жүргізген зерттеу жұмысы олардың көп қатарлардан /тур/ тұратындығын растайды.

Айталық, Бум Эрдэнэ 5 қатардан, Дайны Хүрэл 15 қатардан, Эрил Мэргэн және Эргил Түгэл 4 қатардан тұрады. Моңғол жырлары композициялық жағынан "бірқатарлы" және "көпқатарлы" болып келеді дегенді Н.Н.Поппе де қуаттайды. Әрбір жеке қатарлардың көбі дара тұрғанда толыққанды шығарма бола алмайды. «Бум Эрдэнэ» жыры өзінің стадиялық көпқабаттылығы жағынан, сюжеттің түрленуі тұрғысынан басқа жырлардан өзгешелеу [5, 3-184 б.].

Әрбір халықтың эпикалық мұрасын атау дәстүрі бар. Мұның өзі фольклортануда әбден егжей-тегжейлі сараланып дәйектелген мәселе. Моңғол жырларының жанрлық стадиялық мәселелеріне байланысты моңғол тіліндегі «тууль», «үлгэр» атауларына түрліше көзқарастар болды. «Тууль» деген жанрлық атау ойраттар мен қалмақтарда қатар қолданылатынын алғаш Б.Я. Владимирцов хабарлайды [6, 16-18 б.]. Түрік-моңғолдың эпикалық дәстүрлерін сәйкестіре келіп мұны В.М. Жирмунская «батырлық ертегіге» телісе, В.Я. Пропп «мемлекетке дейінгі» эпостың түріне жатқызады.

«Тууль» деген атауға ие болған эпикалық жанрда тарихи оқиғалардың ізі де жоқ екені, негізінен ежелгі аңыз, әфсана, ерлік жырлардан құрылғанын алға тартады [7, 31-36 б.]. А.Ш. Кичиков, Н. Шарақшинова, М.П. Хомоновтардың еңбектерінде де «тууль-үлигэр» атауы «батырлық ертегімен» аналогиялық тұрғыда қатар алынады. Бірақ ойрат, қалмақ жырларына, ондағы эпикалық

кейіпкердің қаһармандық іс әрекет, ой мақсатынан туындап жататын белсенді қозғалысына, идеялық мақсатына қатысты қаһармандық жыр есебінде қабылдау басымырақ. Қазіргі моңғол тілінде «тууль» жыр (эпикалық), «үлгэр» ертегі есебінде қолданылады. Сонымен қалай болғанда да моңғол батырлық жырларының жанрлық диапазоны өте кең. Жоғарыдағы келтірген сюжеттік-тақырыптық жүйелеулерді салыстыра, сәйкестендіре отырып қазақ жырларының сюжеттік инвариантымен (шартты түрде) сәйкес келетінін жалпы ұлт аралық белгілерге негіздеп моңғол жырларына ортақ сюжеттік желіні топтастырып жүйелеуге болады.

Көне сюжеттердегі оқиғалардың мезгілі қаһармандық дәуірдің талабына сай өңделгенімен, жаңа көркемдік дәстүрге барынша икемделгенімен ол өзінің байырғы тұрпатын толығымен өзгертпеген. Айталық, сюжеттегі «баласыз ата-ананың зары» немесе «батырдың ғажайып жаратылысы» туралы мотивтер. Бұл сюжеттік мотивтер екі халықтың эпостарына ортақ белгілер болып табылғанымен, «баласыздықтың зары» қазақ жырларына қарағанда моңғол жырларында аз ұшырасатындығына көз жеткізуге болады. Біздің ойымызша, тегінде «баласыздық зарының» этно-әлеуметтік негізі арыдан болғанымен, ол әр халықтың эпикалық түсінігіне сай өзінше қабылданған. Мұнда рулық қоғамның түсінігіне байланысты бас кейіпкерді асқақтатудың алғы шарты бар. Моңғол эпостарында “ерте заманда шал мен кемпірдің бір баласы болыпты” дейтін ертегілік сипат басым. Қаһармандық эпоста жаңа дәуірдің алмасуы, жаңа жаулардың пайда болуы жырдың басты қаһарманының ерекше жаратылысын қайта түлеткен сыңайлы. Бұған қазақ жырлары дәлел бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. - Л., 1974.
2. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л., 1940.
3. Ыбыраев Ш. Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі// Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы; 1981. - 305 б.
4. Баят Е. Түркі-монғол эпостарының сюжеттер типологиясы. Монография. – Көкшетау, 2012. – 240 б.
5. Бум Эрдэнэ. Монголын баатарлаг тууль. УБ. 1984 – 184 х.
6. Владимирцов В. Я. Монголо-Ойратский героический эпос. М.; СПб., 1923. 255 с.
7. Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент // Типологические исследования по фольклору. - М., 1975.

REFERENCES

1. Jirmwnskiy V.M. Tyurkskiy geroičeskij épos. - L., 1974
2. Veselovskiy A.N. İstoričeskaya poétika. – L., 1940.

3. Ibraev Ş. Qazaq-oğız épostarındaǵı tegi bir jeliler jáne olardıń ózgerwi// Qazaq folklorınıń tipologiyası. – Almatı; 1981. - 305 b.
4. Bayat E. Túrki-mońǵol épostarınıń syujetter tipologiyası. Monografiya. –Kókşetaw, 2012. – 240 b.
5. Pwřilov B.N. Motiv kak syujetoobrazwuyuşçiy élement//Tipologičeskje issledovanija po folklorw. - M.; 2005
6. Vladimirtsov V. YA. Mongolo-Oyratskiy geroicheskiy epos. M.; SPb., 1923. 255 s.
7. Putilov B.N. Motiv kak syuzhetoobrazuyushchiy element//Tipologičeskiye issledovaniya po fol'kloru. - M.; 1975

Özet

Türk ve Moğol halklarının destanları, konu, içerik ve bakış açısından birbirlerine çok benzerler. Türkçe ve Moğolca soy ve akrabalık bağlamda aynı kökten türeyen dillerdir. Türk halklarının destanların tür özellikleri, şiirsel ve sanatsal tabiatı, gelişme yolları ve tarihi dönemleri gibi sorunları geniş bir ölçüde tanımlama gayesiyle Moğol destanlarıyla karşılaştırmak ve tipolojik açıdan tahlil etmek başlıca amacımızdır. Makalede, Türk ve Moğol halklarının destan sanatının tipolojisinin tarihsel ve yapısal analizine yer verilmiştir. Tarihsel, diakronik ve yapısal olarak senkronize edilmiş tarihsel tipolojiye dayanan karşılaştırmalar, Kazak, Kırgız, Altay, Tuva, Başkurt, Yakut ve Moğol şiirlerinde konu, motif ve ortak özelliklerin varlığının sadece tarihsel ve kültürel bağlar açısından değil, aynı zamanda tarihsel ve akrabalık ilişkileri açısından da olduğunu kanıtlamaktadır. Orijinal kökleri ve geleneklerin tarihsel, sosyal, sanatsal, eğitimsel ve etno-soysal özelliklerine bağlı olarak, Türk-Moğol destanlarının karşılaştırılması, her milletin destan geleneğinin doğada farklı olduğu temeline dayanarak çeşitli gelişim aşamalarından geçtiğini göstermektedir.

Anahtar kelimeler: Halkbilimi, destan, şiir, ortak motif, konu tipolojisi

(Avakova R., Bayat E., Türk ve Moğol Kahramanlık Destanlarındaki Eski Konular: Karşılaştırmalı Tahlil)

Аннотация

Эпосы тюрко-монгольских народов с точки зрения тематики и сюжета очень близки по содержанию и форме, что доказывает тезис о том, что они являются генетически родственными языками. Основной целью работы является анализ в сопоставительном типологическом аспекте эпических поэм тюркских народов с монгольскими эпическими поэмами с целью изучения их жанровых особенностей, поэтического языка, художественного стиля, эволюционных путей развития в разные исторические периоды. Статья посвящена историко-структурному анализу типологии эпического искусства тюркских и монгольских народов. Сравнения, основанные на исторических диахронических и структурно-синхронных аспектах исторической типологии, доказывают, что наличие сюжета, мотива и общих черт в казахских, кыргызских, алтайских, тувинских, башкирских, якутских и монгольских поэмах связано не только с историко-культурными, но и историко-родственными связями. В зависимости от историко-социальных, художественно-познавательных и этно-генеалогических особенностей исконных корней, традиций и истории, тюрко-монгольский эпос претерпел различные стадии развития, на основе которых формируется эпическая традиция каждой нации и согласно которому уровень этапов развития различен по своей природе.

Ключевые слова: Фольклор, эпос, поэтика, общий мотив, типология сюжетов.

(Авакова Р., Баят Е. Архаические сюжеты в тюркско-монгольских героических эпосах: сравнительный анализ)